

ҚАБЫЛДАУ

ИНВЕСТИОРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту жөніндегі міндеттер аудан көлемінде кезек-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Өңірдің экономикалық әлеуеті тартылған инвестиция көлемімен өлшенеді десек, бұл тұрғыда ауданда оң өзгерістер байқалады. Жеке инвесторлардың есебінен жаңа кәсіпорындардың құрылысы қолға алынауда. Солардың бірі – ақбастаулық кәсіпкер Шавкат Рыжибаевтың жылына 240 мың құс өсіретін ет бағытындағы фабрикасы. Бүгінде фабриканың құрылысы қарқынды жүріп жатыр.



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Жуырда инвестор аудан әкімінің қабылдауында болды. Қолға алған құс шаруашылығы жобасының жүзеге асырылу барысын баяндап, өтініштілегін тілге тиек етті.

– Құс шаруашылығы жобасының негізгі мақсаты – жыл сайын 150 мың бас ет бағытындағы құс өсіріп,

өңірді сапалы құс етімен қамтамасыз ету. Қазіргі таңда шетелден әкелінген заманауи құрал-жабдықтарды орнату жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Кәсіпорын іске қосылғаннан кейін жергілікті 10 азаматты тұрақты жұмыс орнымен қамту жоспарда бар. Біз сізден көмек сұрай келдік. Бізді табиғи газ тарту, өндірісті кеңейту мақсатында қосымша жер телімін алу секілді мәселелер толғандырады. Бізге қолдау көрсетсеңіз, – деді

Шавкат Ортықұлы.

Өз кезегінде Ерлан Қыдыралыұлы: «Құсеті өндірісі – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, импортқа тәуелділікті төмендететін және жергілікті нарықты сапалы өніммен қамтуға мүмкіндік беретін стратегиялық маңызды салалардың бірі. Мұндай жобалар ауыл шаруашылығының әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, тұрғындардың әл-ауқатын

жақсартуға және аудан экономикасына инвестиция тартуға зор серпін береді. Жауапты тұлғалар бұл жобаны жан-жақты сүйемелдеп, қажетті қолдауды көрсетуі керек. Кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасалу қажет», – деп жауап берді.

Өңір басшысы алдағы уақытта да инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетіліп, өңірдің тұрақты дамуына серпін беретін жаңа жобалар іске асырылатынын айтты.

ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

ҚҰРЫЛЫСШЫ – ҚҰРМЕТТІ МАМАНДЫҚ

Еліміздің даму қарқыны мен заманауи бейнесін айшықтап тұрған еңбектің бірі – құрылыс. Биік ғимараттар, жайлы мектептер мен ауруханалар, жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар – бәрі де құрылысшылардың маңдай тері мен табанды еңбегінің жемісі. Тамыз айының екінші жексенбісі елімізде құрылысшылар күні ретінде атап өтіледі. Кәсіби мереке қарсаңында аудан әкімдігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Жақсыбек Исақовпен сұхбаттасып, құрылыс саласында атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар болған едік.



Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымында күн тәртібінен түспей, өнімді зерттеліп келе жатқан саланың бірі. Ақын шығармалары баспасөзде алғаш 1889 жылы «Дала уәлаяты» газетінде жарық көрді. Сонымен қатар Абай өмірі мен шығармашылығы жөнінде ғылыми мәні бар алғашқы ой-пікірлердің баспасөзде жарық көруі де өткен ғасырдың бас кезінен басталады. Бірақ Абайды алғашқы зерттеушілердің аты-жөні мен еңбектері 1988 жылға дейін жабық саналып, Абайтанудың ақпан төңкерісіне дейінгі кезеңі кеңес өкіметі тұсында ақтаңдақ күйінде қалып, ғылыми айналымға түспей келді. Тек еліміздің Тәуелсіздік жағдайында ғана бұл мәселені ашық әңгімелеуге мүмкіндік туды.

Абайтанудағы Әлихан Бөкейхановтың еңбегі

Қазақ әдебиетінің теңдесі жоқ ұлы классигі Абай Құнанбайұлының ақындық мұрасын революцияға дейін жинау, насихаттау, баспасөзде жариялау, оны таныту жұмысын қолға алған Әлихан Бөкейханов болатын.

Жалпы қазақ әдебиетінің тарихында Абайға дейінгі қазақ ақындары туралы өмірбаяндық мағлұматтар баспасөзде берілмегені белгілі. Тұңғыш рет Абайға ғана қатысты өмірбаяндық деректер өткен ғасырдың басында баспасөзде жарық көре бастады. Абай қайтыс болғаннан кейін Семей қаласынан шығатын «Семипалатинский листок» газетінде (1905) бірінші болып Абай өмірбаянын орыс тіліне көшіріп жазып, шығармалары туралы 1903 жылы Абайдың көзі тірісінде-ақ ғылыми пікір білдірген – Әлихан Бөкейханов. Ол ақын өмірі туралы деректер келтіріп, Абай мұрасы жайлы орыс қауымына тұңғыш таныстырушы болды.

Қазан төңкерісіне дейін Абай өмірі мен шығармашылығы жайлы үлкенді-кішілі пікір білдіріп, деректі мағлұмат берушілер, әрине, ақынның өз шәкірттері екендігінде дау жоқ. Десек те, Абайдың әдеби ортасымен тығыз байланыста болып, ақын шығармалары мен қысқаша өмірбаянын орыс аудиториясына баспасөз бетінде таныту талабын алғаш қолға алып, «Абай (Ибрагим) Құнанбаев (некролог)» атты мақаланы Семейден шығып тұратын «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы орыс тілінде жариялаған Әлихан Бөкейханов болды. Сол мақаланың сарынынан автордың Абай жайындағы деректі мағлұматтарды біршама естіп-білуімен (1899 жылы әнші Әділхан арқылы) және ақынның немере інісі Кәкітайдан алғандығы аңғарылады.

→ 4

«Şūğyla-Raduga»
газетіне жазылу
жүріп жатыр
2-17-98,
87059774177

БАЙҚАУ

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛДІ



Сәрсенбі күні отбасы институтын нығайту, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және Қазақстан Республикасы Конституциясында айқындалған адам мен азаматтың, ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттері туралы құқықтық білімді насихаттау мақсатында «Отбасылық құндылықтар және Конституция» республикалық конкурсының аудандық кезеңі өтті.

Шұғыла АҚШАБАЙ



Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі мен аудандық «Отбасын қолдау орталығы» бірлесіп ұйымдастырған байқауда қатысушылар отбасы құндылықтары, бала құқықтарын қорғау, ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, отбасындағы өзара сыйластық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, балалардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігі және Конституцияның

қоғам өміріндегі маңызы тақырыптарында бейнероликтер ұсынды.

Конкурсқа жолданған жұмыстар арнайы құрылған комиссияның қарауына ұсынылып, белгіленген талаптар мен бағалау критерийлеріне сәйкес жан-жақты сараланды. Бағалау барысында бейнероликтердің мазмұны, тақырыптың ашылуы, көркемдік және техникалық орындалуы, сондай-ақ тәрбиелік және әлеуметтік маңызы ескерілді.

Комиссия мүшелері – аудан әкімінің орынбасары Нұржан Мұқашев, аудан әкімдігі ішкі

саясат бөлімінің басшысы Қуат Ошақбай, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Асқар Байдалиев, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Жомарт Телеуов, аудандық медиа орталығының директоры Мархабат Көпбосынова, аудандық «Отбасын қолдау орталығының» директоры Эльвира Көшкінбаева және аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Жандар Тоқсаба аудандық кезеңнің жеңімпаздарын анықтады. Нәтижесінде Тәжібаевтар отбасы І орынды, Тәңірберген әулеті II орынды, Елғондиндер отбасы III орынды иеленді.

Жеңімпаздар дипломдармен, Алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, I орын иегері атанған Тәжібаевтар отбасы байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды.

ДЕНСАУЛЫҚ

АДАМ ӨМІРІНЕ АСА ҚАУІПТІ:
КЕНЕ ШАҚҚАНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Дәрігерлердің айтуынша, кененің шағуы адам өміріне қауіп төндірмейді. Алайда кененің сілекейімен бірге қанға түсетін вирустар аса қауіпті. Оның салдарынан адам кенелік энцефалит және Конго-Қырым геморрагиялық безгегін жұқтыруы мүмкін.

Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Павлодар, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында көктем-жаз айларында кенелер жиі кездеседі. Сондай-ақ таулы аймақ болып саналатын Қатон-Қарағай ауданында да жұқпалы ауру таратушы жәндікті жиі кездестіруіңіз мүмкін.

Кене шаққан кезде адамның басы қатты ауырып, дене қызуы 37-39 градусқа дейін көтеріледі. Тіпті, дене қалтырап, тері бөріп қызаруы да мүмкін. Сондай-ақ бұлшықет ауырып, адамның тыныс алуы қиындайды. Адамның тамаққа деген тәбеті жоғалып, жиі шаршайды.

Ақ халаттылардың айтуынша, кененің негізгі қорегі – қан. Сондықтан бұл жәндіктер адамдар мен жануарларды қан сору үшін шағады. Ол адамды шаққан кезде сілекейімен бірге қанға жұқпалы вирустар енуі мүмкін. Бұл – адам өміріне өте қауіпті. Тіпті адам өліп кетуі мүмкін. Теріге енген кенені бірден алып тастау оңай емес. Сондықтан дәрігердің

көмегі қажет.

Егер дәрігерге қаралуға мүмкіндік болмаса, теріге жабысқан қауіпті жәндікке вазелин жағып немесе өсімдік майын құю керек. 5 минуттан кейін пинцет немесе жіп ілгегінің көмегімен кенені тартып алыңыз. Бірақ дәрігерлер өте сақ болуға кеңес береді. Қан сорып жатқан кенені тұмсық астынан жіңішке жіппен байлап, асықпай, кене мұртшаларын толық шығарғанға дейін ақырын тарту қажет.

Егер кененің басы толық шықпай теріде қара дақ түрінде қалып қойса, бірден дәрігерге бару керек. Қауіпті жәндікті теріден алған соң, оның орнын йодпен немесе спиртпен зарарсыздандырған жөн. Сондай-ақ қолды мұқият жуып, оны йод немесе спиртпен сүрту керек. Өйткені кене қан сорған кезде оның жұқпалы вирустары денеде қалып қою мүмкін.

Кенені денеден алған соң, оны өртеп жіберген дұрыс. Қайнаған суға салуға да болады. Осыдан соң, адамның

3 апта бойы өз денсаулығына мұқият болғаны жөн. Аурудың белгілері анықталған жағдайда (дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік) бірден дәрігерге тексерілу қажет.

Дәрігерлер кене шаққан кезде 3 әрекетті жасамауға кеңес береді: – терідегі кенені сықпау керек. Себебі, кенеді қауіпті вирустар бар. Ол қолдың ашық жаралары немесе тыртықтар арқылы адам ағзасына енуі мүмкін;

– теріге жабысқан кенені жұлмау керек. Өйткені, оны жұлған кезде жәндіктің басы теріде қалып қояды. Салдарынан, жәндіктің улы сөлі адам ағзасына тарайды;

– кенені тіспен жұлға да болмайды. Қоздырғышты жұқтыру қаупі жоғары болады. Қауіпті жәндіктер шөптің, бұталардың, құлаған ағаштардың арасында болады. Сондықтан табиғат аясына демалуға шыққанда жабық аяқ киім киіңіз. Шалбардың балағын шұлықтың ішіне, ал жейде немесе футболканы шалбардың ішіне салыңыз. Бас киім киюді де ұмытпаңыз.

Ғабит ӘБДІЛДА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

СЕМИНАР

«Қазақстан Республикасы – демократиялық мемлекет» деп Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында жазылған. Демократиялық елдің басты белгісі – бұл мемлекеттік билік органдарының сайланбалы түрде қалыптасуында. Елімізде Президент, Құрылтай мен мәслихат депутаттарын, ауыл әкімдерін халықтың өзі тікелей сайлау арқылы қызметтеріне тағайындайды. Ал сайлау процесінде маңызды рөл атқаратындар байқаушылар болып табылады.

БАЙҚАУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
МІНДЕТТЕРІНЕ КӨҢІЛ АУДАРЫЛДЫ

оқыту үшін «Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ Жамбыл облысы филиалы мен «Жастар-зерттеу» жастар қоғамдық бірлестігінің өкілдері Тараз қаласы мен аудандарда арнайы семинарлар жүргізуде. Жуырда Жамбыл ауданының байқаушыларына өткізілді. Оқыту кезінде барлық қатысушыларға ҚР сайлау заңнамасындағы байқаушылардың құқықтары мен



Байқаушылар болып еліміздің кез келген кәмелет жасына толған, ақыл-есі дұрыс азаматы бола алады. Байқаушылар ресми Орталық сайлау комиссиясында тіркелген саяси партияның немесе аккредиттелінген үкіметтік емес ұйымның атынан сайлау учаскесінде байқау жүргізе алады. Осы байқаушыларды

міндеттеріне көңіл аударылды, сонымен қатар сайлауды өткізудің негізгі тәртібі жайлы да әңгіме болды. Сондай-ақ байқаушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Асқар ҚАДЫРҚҰЛОВ,
«Дауыс» қоғамдық
байқаушылар коалициясы
РҚБ Жамбыл облысы
филиалының басшысы.

АУДАН БӨБЕКЖАЙЛАРЫНДА

БАЛҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН
ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ

Өрт қауіпсіздігі – балалардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың ең маңызды шарттарының бірі. Балабақшада әрбір қызметкер өрттің алдын алу ережелерін жақсы біліп, төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет ете алуы қажет. Ал балаларға қауіпсіздік мәдениетін ерте жастан қалыптастыру – олардың өмірін қорғаудың маңызды бөлігі.

Өрттің шығуына көбіне электр құралдарын дұрыс пайдаланбау, электр сымдарының ақауы, ашық отты абайсыз қолдану және қауіпсіздік талаптарын сақтамау себеп болады. Сондықтан балабақшада электр құралдарының жарамдылығы үнемі тексеріліп, эвакуациялық жолдар бос болуы және өрт сөндіру құралдары қолжетімді жерде орналасуы тиіс.

Тәрбиешілер балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін жас ерекшеліктеріне сай ойын, әңгіме, сурет салу және танымдық іс-шаралар арқылы үйретіп, балаларға сіріңке ойыншық емес екенін, үлкендердің рұқсатынсыз электр құралдарын ұстамау керектігін және өрт болған жағдайда үрейге берілмей, тәрбиешінің нұсқауын орындау маңызды екенін үнемі түсіндіріп отырады.

Біздің мектепке дейінгі ұйымда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар жоспары құрылып, жыл бойы іс шаралар өтілді. Нақтырақ айтқанда, «Өрт шыққанда не істеу керек?», «Өрт – тілсіз жау» тақырыптары бойынша ойын түрінде жаттығулар

жасап, «Мысықтың үйі өртенді» сияқты топтарға мультфильмдер көрсетілді. Сондай-ақ, балғындар «Өрттен сақтанайық», «Өртті болдырмайық» тақырыптарында бейнероликтер тамашалады.

Өрт шыққан жағдайда ең алдымен балаларды қауіпсіз жерге ұйымдасқан түрде эвакуациялау керектігі, өрт туралы дереу жауапты тұлғаларға хабарланып, қажет болған жағдайда 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шалынатыны туралы айтылды. Балалардың өміріне қауіп төнген жағдайда өз бетінше өртті сөндіруге әрекет жасамай, алдымен адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды екені ұжымға түсіндірілді.

Балабақшада жүйелі түрде оқу-жаттығу эвакуацияларын өткізу балалар мен қызметкерлердің төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекетін жетілдіреді. Мұндай жаттығулар қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырып, қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Айнұр АМАНОВА,
«Жәнібек» бөбекжай-бақшасының әдіскері.

Соңы. Басы 1-бетте

ҚҰРЫЛЫСШЫ – ҚҰРМЕТТІ МАМАНДЫҚ



– Жаксыбек Сағымбекұлы, құрылысшы деген кім?

– Құрылысшы – еліміздегі ең мәртебелі, ең қажетті және ең құрметті мамандықтардың бірі. Бұл салада еңбек ететін азаматтар қоғам өмірінің әр саласына үлес қосып, ел игілігіне бағытталған әлеуметтік маңызы зор ірі жобаларды іске асырып келеді. Құрылысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында жаңа ғимараттар бой көтеріп, заманауи мектептер, ауруханалар, тұрғын үйлер мен жолдар салынып, халық игілігіне беріліп жатыр.

Құрылысшылардың жұмысына келер болсақ, ол – ғасырлар бойы сақталатын мұра. Бүгінде өңірлерде салынған заманауи нысандар тек архитектуралық көрік беріп қана қоймай, экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға, сондай-ақ туризмнің өркендеуіне жол ашады. Сондықтан да құрылысшы – ел болашағына жол ашатын, өркениет негізін қалаушы нағыз маман.

– Мемлекеттің дамуына құрылыс саласының әсері қандай?

– Құрылыс – экономиканың негізгі іргетасы. Еліміздің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей

ретінде өзгелерге үлгі-өнеге болып, ауданның әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына айтарлықтай еңбек сіңіруде. Құрылысшылардың арқасында өңіріміз көркейе түсуде.

– Аудан көлемінде құрылыс жұмыстары қалай жүріп жатыр?

– Жоспарға сәйкес десем де болады. Былтыр аудан аумағындағы 6 нысан өтпелі нысан ретінде қабылданып, құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды.

полиция пунктiнiң, Қызылқайнар ауылында спорт кешенiнiң, Аса, Айшабibi ауылдарындағы жаңа тұрғын үй алқаптарының ауызсу мұнарасының құрылысын жүргiзу, Бәйтерек ауылының және Новоджамбулец саябағының, Айшабibi ауылындағы Алаш көшесiнiң маңындағы, «Пионер-лагерь» елдi мекенi маңындағы Аса өзенiнiң жағалауын бекiту, Ш.Ниязбеков ауылында әкiмшiлiк ғимаратын салу, Гродеково ауылында



Атап айтқанда, Қызылқайнар ауылында 180 орындық мәдениет үйі, Аса ауылында аудандық орталық кітапхана, аудандық мемлекеттік архив ғимараттары, жасөспірімдер демалыс кешені пайдалануға берілді. Аталған мекемелердің инженерлік желілері жүргізіліп, «Бәйтерек» тұрғын үй алқабындағы блок-модульдік қазандық монтаждалды.

– Ағымдағы жылға өтпелі нысандар бар ма?

– Өтпелі нысандар бар.

бірінші кезеңде салынатын тұрғын үй құрылысының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту, Бірлес-Еңбек ауылында мәдениет үйін салу, Ардагерлер үйі мен салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы ғимаратының құрлысын жүргізу, Аса ауылының кіреберісіндегі саябаққа арналған орынды абаттандыру бойынша жасалған жобалық-сметалық құжаттамалардың сараптама қорытындылары алынып, қаражат бөлінуіне бюджеттік өтінімдер берілді.

– Халықтың тұрмыс сапасын арттырудың маңызды көрсеткіштерінің бірі – тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл туралы не айтасыз?

– Тұрғындарды баспанамен қамту бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Биыл ауданда 23 мың 923 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. «Отбасы банк» арқылы бірқатар отбасы жаңа баспананың кілтіне ие болды. Маусым айында 120 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға беріліп, тұрғындарға салтанатты түрде табысталды. Оның ішінде жетім балалар, көпбалалы отбасылар, әлеуметтік осал топтар мен мемлекеттік қызметшілер бар.

– Алдағы кәсіби мерекеге байланысты әріптестеріңізге айтарыңыз бар ма?

– Құрылысшылар қауымына зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасына амандық, еңбекте табыс тілеймін. Олар салған нысандар болашақ ұрпақтың жарқын өміріне қызмет етсін. Игі істері әрдайым жемісті болып, өңіріміздің дамуы мен гүлденуіне қосқан үлестері арта берсін.


– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

Тараз қаласының мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында көлік құралдарын тіркеу саласындағы мемлекеттік қызметтерді жалпы кезекті күтпей алуға мүмкіндік беретін «Дербес менеджер» сервисіне сұраныс артып келеді. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Жамбыл облысы бойынша филиалында хабарлады.

«Дербес менеджер» сервисін 1309 адам пайдаланған



2026 жылдың бірінші жарты-жылдығының қорытындысы бойынша мамандандырылған ХҚКО-дағы «Дербес менеджер» сервисін 1309 адам пайдаланған. Ал 2025 жылдың тиісті кезеңінде бұл қызмет 176 рет көрсетілген. Осылайша жүгінушілер саны 7 есеге артқан. Бұл тұрғындардың заманауи әрі қолайлы қызмет көрсету форматтарына қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Дербес менеджер қызметін алу үшін мамандандырылған ХҚКО-ның ресепшн бөліміне жүгіну қажет. Дербес менеджер қызмет алушыларды кезектен тыс қабылдап, автокөлікті тіркеу, көлік құралдарын

есепке қою және есептен шығару, сондай-ақ мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін алу бойынша құжаттарды рәсімдеуге толық сүйемелдеу көрсетеді. Мамандандырылған ХҚКО-ларда бұл қосымша сервистің құны 6306 теңгені құрайды.

Аталған сервис өз уақытын бағалайтын және мемлекеттік қызметтерді ұзақ күтпей, жайлы жағдайда алуды қалайтын азаматтар үшін ерекше қолайлы.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Запастағы офицерлер, сержанттар мен солдаттарды резервтегі әскери қызметке шақыру туралы

2026 жылғы 2 шілдеден бастап резервтегі әскери қызметке кандидаттарды іріктеу жұмыстары қолға алынды. Резервтегі әскери қызметті өткеру үшін кандидаттарды іріктеуге қосымша өтінім келіп түсті.

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 40-2-бабына сәйкес бейбіт уақытта запастағы офицерлер, сержанттар мен солдаттар құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін әскерге шақырылу жүргізілуде.

Резервтегі қызмет азаматтардың негізгі жұмысын қоса атқаратын, жалақысын сақтайтын, қосымша ақшалай қаражат төлейтін және жеңілдіктер беретін келісімшарттық негіздегі қызметті көздейді.

Аталған Заңның 40-2-бабына сәйкес резервтегі әскери қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай келуге тиіс:

- Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы;
- қажетті жеке, моральдық және кәсіби қасиеттерінің, білім деңгейінің, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды болуы;
- он сегіз жастан кіші болмауы және резервтегі әскери қызметте болудың шекті жасына дейін үш жыл қалуы (офицерлер үшін – 57 жасқа дейін, сержанттар мен солдаттар үшін – 47 жасқа дейін);

– әйелдерді қоспағанда, мерзімді әскери қызметті өткеруі немесе әскери кафедрада оқудан немесе әскери-техникалық мамандарды даярлау бойынша Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери даярлықтан өтеулі негізде өтуі;

– Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында және құқық қорғау органдарында қызмет өткеріп жүрген, вахталық әдіспен немесе ауысымдық жұмыста жұмыс істеп жүрген адам, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де адамдар қабылданбайды.

Запастағы офицерлер, сержанттар мен солдаттарды әскерге шақыру Аса ауылы, Абай көшесі №32 мекенжайда орналасқан аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде әскерге шақыру қағазы мен 1414 желісінен SMS-хабарландыру арқылы жүзеге асырылады. Байланыс телефоны: 8 (72633) 2-15-30.

Акерке АЛТЫНБЕК, Жұмылдыру ресурстарын есепке алу және мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі инспекторы.



байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың колдауымен елімізде құрылыс саласын дамытуға барынша жағдай жасалды. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді. Кейінгі жылдары республика бойынша, оның ішінде біздің өңірде де құрылыс қарқынды дамуда. Осы ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылар заманға сай білікті де білімді, іскер де қабілетті маман

Тастөбе ауылындағы спорт кешенінің, Бесағаш ауылындағы мәдениет үйінің, Шәкен Ниязбеков ауылындағы мәдениет үйінің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Ал, Өрнек ауылында салынған жаңа әкімшілік ғимарат жуырда қолданысқа берілді.

– Жобалық-сметалық құжаттамалар бойынша не айтасыз?

– Қаракер, Ерназар, Тастөбе, Қызылқайнар және Шәкен Ниязбеков ауылдарына учаскелік

Соңы. Басы 1-бетте

Абайтанудағы Әлихан Бөкейхановтың еңбегі

Әлихан Бөкейханов ұлы ақынның шығармаларын алғаш 1899 жылы әнші Әділхан деген өнерпаздың орындауында естіп-білгені туралы былай дейді: «В 1899 году в Коканской волости киргизский певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» под аккомпонement его скрипки». Әлихан Абайды 1899 жылдан бұрын да білген. Оны айғайтайтын деректі Мұхтар Әуезов жазушы Сапарғали Бегалинмен Абай еліне шыққан бір экспедициясында тапқанын жазады. Мұхтар Әуезов тапқан тарихи деректі 1954 жылы Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай «Советский Казахстан» журналында тұңғыш рет жариялаған. Кейін ол дерек Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының «Қастықта», «Шайқаста» бөлімдеріне енді. Мұхтар Әуезов 1897 жылдың жазында тобықты елінің жайлауында халық санағын жүргізуге шыққан Шербиннің экспедициясының құрамында Әлихан Бөкейхановтың болғандығын анықтайды.

1903 жылы Петерборда басылып шыққан «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деген кітаптың 18-томындағы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арналған беттерінде Абай шығармашылығы туралы: «Наконец, как представителя нового течения в Киргизской поэзии, следует назвать Кунанбаева («Кономбая» деп басылған – К.М.) – автора многих стихотворений изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описание природы). Этому же автору принадлежат хорошие переводы «Евгения Онегина» и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз), таким образом у Семипалатинских оленши (певцов) можно слышать, например, «Письма Татьяны» распеваемое, конечно, на свой мотив», – деп Абайды қазақ поэзиясының жаңа өкілі, көшбасшы ретінде көзі тірісінде-ақ танып, қуанышты сезіммен алғаш ғылыми пікір білдіріп жоғары бағаланған. Осы пікірдің авторы Әлихан Бөкейханов дейді Қайым Мұхамедханов. Ал, Т.Кәкішев болса, Абайдың көзі тірісінде тұңғыш рет ғылыми мәнді қорытынды жасаған А.Седельников екенін айтады. Әрине, Абайдың өнерпаздығын, әдебиетке әкелген жаңалығын дәл бағдарлаған уақытта Ә.Бөкейхановтың ауызекі кеңесі болғанда шығар. Өйткені 2-бөлімді бірге жазысқан авторлардың бір-бірімен ақылдасуы мүмкін емес деп А.Седельниковке Ә.Бөкейханов кеңес берген болуы мүмкін деген пікірдің ұшын шығарғаны байқалады.

Әлихан Абай шығармаларының қолжазбасымен 1905 жылы Кәкітай мен Тұрағұл арқылы оқып танысады.

1904 жылы 23 маусым күні 59 жасында ұлы ақын қайтыс болды. Абайдың қайтыс болғанын естіген Әлихан 1904 жылы Абай өлеңін кітап қылып басындар деп балаларына хат жазады. Осы хатты алған соң 1905 жылы шілденің аяғында Кәкітай Абайдың 1896 жылдан бастап жиналған қолда бар қолжазбасын алып, Омбыға келеді. Кәкітай Әлиханнның үйінде бірер жұмадай жатады. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мээ-мәйрам болып бір-бірімен жақын танысады. Әлихан 1900 жылы Кәкітайды Семейде көргенде Абай жайында пікірлесе алмағандығына өкініш білдірсе, осы кездесуінде Абай өлеңдерінің төлтумасымен анық танысқандағы қуанышты қалпын сездіріп тұрғаны аңғарылады. Абай өлеңдерінің сырына қаныққан Әлихан Абайдағы «Зар заман» ақындарынан жалғасып келе жатқан азатшылдық сарынның құлақ күйіне терең бойлап, Абайды қазақ ұлттық ояну дәуірінің бас идеологы деп таныған сияқты. Әлихан осы «бірер жұмадай» ішінде Кәкітайдың айтуындағы өмірбаяндық мағлұматтар мен ақын шығармаларындағы танымдық-тағылымдық мәні зор өмірбаяндық-әдеби деректерге көңіл бөліп, оны орыс тіліне аударып, тез арада сол 1905 жылы Семейден



шығатын «Семипалатинский листок» газетінде бастыруында мән бар.

Кәкітай жазған Абайдың қысқаша қазақша өмірбаяны мен Әлиханнның көшіріп жазған аудармасындағы екі өмірбаянның мәтінін салыстырған уақытта Әлиханнның атымен басылған Абай өмірбаянының мән-жайын айқындау барысында көп өзгерістің бар екенін білдік.

Осы «Некролог (Қазанама – Ә.Н.)» макаланы жариялауға Императорлық Россияның географиялық қоғамының Семей бөлімшесінде отырған А.Алекторов басқаратын патшалық миссионерлік цензура өкілдері тікелей араласқан. Оған мақаладағы «Некролог был опубликован решением заседания распорядительного комитета Семипалатинского подотдела Географического общества» (Протокол заседания от 27 августа 1905 года) деген осы жолдар дәлел бола алады. Қырағы патша цензурасынан Абай өмірбаянының Кәкітай жазған қазақша және Әлиханнның орыс тіліндегі аудармасы табиғи қалпында шықпаған. Оны екі өмірбаянды салыстырып карағанда отаршылдық пиғылдағы қысқартулар мен аудармада бұрмалау әрекеттері орын алғаны анық аңғарылады. Бір ғана мысал, Кәкітайдың 1909 жылы Петербургтегі Илияс Бораганскийдің баспаханасынан жарық көрген Абай өмірбаянында Абай ғибадат турасында көрнеу сырты тақуа кісі емес екендігі, жай уақытта намазын көп оқымайтындығы, рамазан айында ораза ұстап, намазды сонда үзбей оқитындығы айтылған. Осы құнды мағлұматын 1905 жылы Семейден шыққан «Семипалатинский листок» газетіндегілер: «Здесь следует отметить отношение Абая к обрядностям ислама. Он, бичуя в своих стихах ханжество и лицемерие мулл, не соблюдал мусульманских постов и не исполнял пятикратных молитв в сутки. Этим поступком Абай шел против обрядового мнения настоящей Киргизской степи, поголовного соблюдающей посты, особенно 30-дневный рамазан, и исполняющей пятикратную в сутки молитву», – деп Әлихан аудармасының өңін аударып басқанын, А.Алекторов қадағалап отырған орыс миссионерлерінің ислам құндылықтарын терістеу мақсатындағы жымсықы ісін танытатын әрекеті деп білдік. Осы орайда Абайдың «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылы жарияланған «Күлімбайға» деген өлеңіне А.Алекторовтың берген түсіндірме бағасындағы: «В стихотворной форме неизвестный автор (Абайдың қолы қойылмаған ғой – Т.К.) бичует за безделие и незачинные поступки» деген жолдардағы сөз саптауына назар аударсаңыз, «бичует» деген сөз бен Абай өмірбаянында кездесетін «бичуя» деген жолдардың авторы бір адам, дәлірек айтқанда, А.Алекторов екенін аңғаруға болады. Демек, Абайдың өмірбаянын күзеп,

кей тұстарына өз жандарынан сөз қосып, бұрмалап Әлиханнның атынан жариялап отырған миссионер А.Алекторовтың өзі екені даусыз.

Кәкітайдың Абай өмірбаянын жазған жазбасындағы ақынның ислам дініне деген танымын танытатын: «Ол оқыған кезінде, өзгелерді «асығыс отырып, сендер көңілді алаң қыласындар» деп өзі жеке асықпай оқып отырып алушы еді.

Әсіресе, ыхтиадқа бек махкәм еді. Не іс қылса да, не насихат айтса да, мынау құдайшылыққа жөн, бүйтсе – адамдыққа жөн деуші еді. «Ғибадаттың ең үлкені: көңілдің тазалығы, адам баласына жаны ашырлық» деп сыртымен сопысылып, тақуасынған кісіні қатты ұнатпаушы еді. «Мұндай адамдар халық үшін ғибадат қылады, халықпен, шын көкірегі емес, қара жұртқа құрметті болмақтан басқасы жоқ», – деп. «Құдайға шын көңілмен ғибадат қылған кісі құпия қылады», – деп бұл туралы айтқаны:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хакқа жол емес», – деген құнды мағлұматтарды А.Алекторов саналы түрде орысша өмірбаяннан өшіріп тастаған. Егер жоғарыдағы кесіп тасталған абзац ақын өмірбаянына кірсе, онда Абайдың ислам дініндегі адам екені қалың қазаққа белгілі боп қалатын еді.

Қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тарихын, әдебиетін, жазылмаған заңдарын, біз білмейтін көптеген қырсырларын анықтап алған Ильминский бастаған миссионерлердің негізгі «достық мақсаты» қазақтарды жаппай шоқындыру болған. Шоқынған қазақ өз-өзінен орыстанатынын патшаның миссионер ғалымдары зерттеп білген. Шоқындыру үшін Абай сияқты данышпан көшбасшысының ислам дініне деген ісі мен сөзін дұрыс түсіндірмей теріс бұрмалау керек деген шешімге келген. Патша өкіметіне тәуелді жаңа заманның қаратаяқтары Абайдың орысша жазылған өмірбаянын оқып, олар Абай жүрген жолмен жүретінін сезген, білген.

Осыдан екі жыл өткен соң, 1907 жылы «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского Географического Общества» деген кітапқа Абайдың орыс тіліндегі бұрмаланған өмірбаяны өзгеріссіз фотосуретімен бірге екінші рет басылып шыққан.

Заман талабына орай енді Абай шығармаларын кітап арқылы қалың қазаққа жеткізуді шындап қолға алғанын жоғарыдағы мақаланың аяқ жағында Әлихан Бөкейхановтың редакторлығымен жуық арада Тұрағұлдың жинауындағы Крылов, Лермонтов, Пушкиннің шығармаларынан аударма жасалған Абай шығармаларының төлтумасы жарыққа шығатынын алдын ала оқырмандарға хабарлайды. Дегенмен Абайдың асыл төлтумасынан көшірілген шығармалары мен аудармалары жарық көрмей қалған. Осы жинақ туралы Міржақып былай деп жазады: «1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі Географический обществонның шығарған бір кітабында Ғалихан Бөкейханов Абайдың тәржіме халын жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 жылы Абайдың балалары һәм інілерінің разылығымен һәм Ғалиханнның әжетімен Абай кітабы Петербургте Бұраганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы».

Жинақтың жарық көрмей қалу себебін Қ.Мұхамедханов айғақты мағлұматтар мен архив деректері арқылы дәлелдеп, «Абайдың ақын шәкірттері» деген кітабында түсіндіреді. Оның себебі Әлиханнның тұтқынға алынып, түрмеге жабылуына байланысты болады. Әлиханды 1906 жылы 8 қантарда Павлодардан Семейге барар жолда тұтқындаған. Сөйтіп, Әлиханды Павлодар түрмесіне қамайды. Қайым Мұхамедханұлы

Ресейдің Омбы облысы Мемлекеттік мұрағатында сақталған 270-қор, 1-тізімдеме, 200-іс, 10-беттегі мұрағаттық құжатты келтіреді. Құжатта Әлиханнның прокурорға жазған арыз-шағымы бар екен. Әлихан тұтқындалғанда оның портфелінде, оған Кәкітай тапсырған Абай шығармаларының 5000 рубль тұратын қолжазбасы да болған. Әлихан: «Стихотворения эти принадлежат киргизскому поэту Кунанбаеву» деп жазады. 1905 жылы Әлиханға Кәкітай тапсырған Абай өлеңдерінің қолжазбасының кейінгі тағдыры туралы қазірше нақты дерек жоқ. Мүмкін, Ресей мұрағаттарында шаң басып, елеусіз тығулы жатқан да болар.

Әлихан Бөкейханов қозғау салып, татардың «Уақыт» газетіндегі белгісіз автор Әлихан көтерген Абай өлеңдерін басу мәселесін қайта қозғаған талапты Кәкітай мен Тұрағұл көп қиындықпен орындап шықты.

Осы орайда, Ахмет Байтұрсынов «Абайдың қандай адам болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз деп ... Тәржіме халін жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына карағанда, Абай Спенсер, Льюис, Дрепер деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқығанын жазба дерегіндегі «Көргендердің айтуынан білеміз» дегендегі Абайды көргендердің біреуі Әлихан екенін мақаласының тағы бір жерінде: «Әлихан Бөкейхановтың айтуынан» деген жолдар айғақтайтындай. Әлихан атағы арқа еліне кең тараған Абайды қызмет барысында сыртынан болса да көрген болуы мүмкін ғой. 1903 жылы Омбыдағы Ахметтің қолына түскен Абай өлеңдері жазылған қолжазба дәптерді Әлихан да оқып шығып, сол жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деп аталатын кітаптың 18-томындағы қазақтар туралы тараудың авторы А.Н.Седельников арқылы Абайға тамаша баға беріп: «Наконец, как представителя нового течения в Киргизской поэзии, следует называть Кунанбаева («Кономбая» деп басылған – К.М.) – автора многих стихотворений изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы)...» деп кітапқа енгізіп жіберіп отырған Әлихан Бөкейханов екені дұрысқа келеді. Әлихан 1905 жылы қазақшадан орысшаға аударып, көшіріп жазған мақаласына: «Еще не было киргизского поэта, так возвысившего духовного творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четверем временам года (весна, лето, осень и зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы», – деп өз жанынан қосқан сөздерінен-ақ 1903 жылғы пікірдің шын авторы Әлихан екендігіне көзіміз жете түседі.

Абай да өзіне берілген мұндай бағаны оқымады, білмеді деп тағы айта алмаймыз. Бұл кітап Абайдың өз қолына тиген және Көкбай, тағы басқа Абай шәкірттері де жақсы таныс болған, сондықтан олардың Әлиханға деген қадір-құрметі зор деген Қайым Мұхамедханов. Абай қазақ үшін басын қауіп пен қатерге тігіп, мемлекеттік саяси-әлеуметтік істермен жүрген жастарды білген. Сол жастардан үлкен үміт күткен. Солардың басында жүргендердің бірі Әлихан екенін хабары бар Абай: «Ток татуды сыйламай, аштарға береген ас артық; үйінде босқа бұлдамай, қатерге түскен бас артық», – деп қазақтың мүддесін ойлап, басын қатерге тігіп жүрген Әлиханнның ұлы ісін басқа жастарға үлгі еткен тәрізді.

Қорыта айтқанда, Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы мен ақын өмірбаяны тікелей Әлихан Бөкейхановтың ой салып, басшылық жасауымен 1909 жылы Петербургтегі Илияс Бороганскийдің баспаханасынан жарық көрді.

Әлімбай АМАНБАЙҰЛЫ,
Абайтанушы, педагогика ғылымдарының магистрі,
«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері.

Меншік иесі: «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС Директор: Айман ТЛЕУКЕЕВА Бас редактор: Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ Қабылдау бөлмесі: 2-17-98 Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701	Бас редактордың орынбасары: Жауапты хатшы: Тілшілер: Дизайнер-теруші: Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: Мақсат ЖҰМАБАЕВ Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ Шұғыла АҚШАБАЙ Ғалия АЛИЕВА 2-20-24 2-13-44 Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240	87059774177 87474240395 87770284244 87075853423	Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б. Таралымы 1998 Тапсырыс №513 Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ	Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу. Индекс: 68991 Электронды пошта: sugyla@bk.ru Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үйі.
--	---	--	--	--